

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана Медицина университеті» КеАҚ	Хаттама №11
	«Денсаулық сақтау» саласы бойынша ОӘБ Жоғары білім беру секциясы	

**ХАТТАМА № 11**  
**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ**  
**СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

Астана қ.

11 наурыз 2026 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Басталу уақыты: 15:00

Қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/85333707889?pwd=egLIRszhYxn7RW1Y51yTvNXorglPhT.1>

Төраға: Досанова А.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: тізім бойынша (қосымшада)

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білімнің білім беру бағдарламаларына қабылданған студенттер үшін оқытуға көшу жоспарын талқылау және қарау. Баяндамашы: Жоғары білім секциясының төрағасы, «Астана медицина университеті» КеАҚ – А.К. Досанова
2. Интернатура түлектерінің резидентураға түсуінің ықтимал траекторияларын қарастыру.  
Баяндамашы: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясы төрағасының орынбасары, «Семей медицина университеті» КеАҚ – Ж.А. Мусабекова
3. Интернатураның білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу туралы.  
Баяндамашы: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясы төрағасының орынбасары, «Семей медицина университеті» КеАҚ – Ж.А. Мусабекова
4. ҚР ҒЖБМ Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген бірлескен білім беру бағдарламаларын талқылау. Баяндамашылар: жоғары оқу орындарының өкілдері
5. Әртүрлі мәселелер

– «Қоғамдық денсаулық» бакалавриат білім беру бағдарламасының атауын «Қоғамдық денсаулық сақтау» деп өзгерту және оқу мерзімін 5 жылдан 4 жылға қысқарту мәселесін талқылау. Баяндамашы: «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ комитетінің төрағасы.

– «Клиникалық фармакология» пәнін басқа білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына енгізу мәселесін талқылау. Баяндамашы: «Терапия» ББ комитетінің төрағасы.

**Бірінші мәселе бойынша**

**ТЫҢДАЛДЫ:** А.К. Досанова, «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» білім беру бағдарламалары бойынша интеграцияланған медициналық білім беру моделіне көшу шеңберінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖМБС) және үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу жөніндегі жоғары оқу орындары арасындағы жұмыс тобының нәтижелерін таныстырды.

**Аталғандар:**

- МЖМБС жобаларына редакциялық және мазмұндық түзетулер енгізілді;
- «интеграцияланған медициналық білім беру» терминологиясын қолдану арқылы біріздендіру қамтамасыз етілді;
- бітірушілерге берілетін біліктілікке қатысты ережелер нақтыланды;
- оқу жылында **70 кредитке** көшу ұсынылды;
- пәндер циклдері бойынша кредиттерді бөлу қайта қаралды және базалық білім мен интернатураның сабақтастығы қамтамасыз етілді;
- дәрігер-интерн мәртебесіне қатысты кәсіби стандарттарға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындалды.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ұсынылған материалдар негіз ретінде қабылдансын.
2. Жаңа қабылданатын білім алушылар үшін оқу жылында **70 кредит** нормасын өтпелі ережелерді ескере отырып қолдану ұсынылсын.
3. Жұмыс топтарына терминологияны біріздендіру жұмыстарын аяқтау ұсынылсын.
4. УМО РУМС шеңберінде келісілгеннен кейін МЖМБС және үлгілік оқу жоспарларының жобалары ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне жіберілсін.
5. Дәрігер-интерннің мәртебесі мен құзыреттеріне қатысты нормативтік актілерге енгізілетін тұжырымдамалар бойынша ұсыныстар дайындалсын.

#### **Екінші мәселе бойынша**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Ж.А. Мусабекова, интернатура түлектерінің резидентураға түсуінің ықтимал траекториялары бойынша ұсыныстарды таныстырды.

#### **Аталғандар:**

- резидентураға түсу траекторияларын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірленді;
- интернатура және резидентура бағдарламаларының сәйкестігі кестесі дайындалды;
- пререквизиттерді айқындау және білім беру сабақтастығын қамтамасыз ету тәсілдері қарастырылды.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Ұсынылған траекториялар айтылған ескертулерді ескере отырып пысықтауға жіберілсін.
3. Нақтыланған нұсқа Жоғары білім секциясының келесі отырысында қарауға ұсынылсын.

#### **Үшінші мәселе бойынша**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Ж.А. Мусабекова, интернатураның білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды таныстырды.

#### **Аталғандар:**

- интернатура білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынылды;
- базалық медициналық білім мен резидентура арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету қажеттілігі атап өтілді.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.
2. Интернатура білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.
3. Нақтыланған ұсыныстар Жоғары білім секциясының отырысына ұсынылсын.

## **Төртінші мәселе бойынша**

**ТЫҢДАЛДЫ:** А.К. Досанова, ҚР ҒЖБМ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген бірлескен білім беру бағдарламалары туралы ақпарат ұсынды.

### **Аталғандар:**

- бірлескен білім беру бағдарламалары отандық және шетелдік серіктестермен жүзеге асырылуда;
- бұл бағдарламалар академиялық ұтқырлықты дамытуға және медициналық кадрларды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Жоғары оқу орындарына бірлескен білім беру бағдарламаларын дамыту және оларды ҚР ҒЖБМ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.

## **Бесінші мәселе – Әртүрлі**

### **5.1 Білім беру бағдарламасының атауын өзгерту**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Л.С. Ермуханова, «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ комитетінің төрағасы, «Қоғамдық денсаулық» бакалавриат бағдарламасының атауын «**Қоғамдық денсаулық сақтау**» деп өзгерту және оқу мерзімін **5 жылдан 4 жылға** қысқарту туралы ұсынысты таныстырды.

### **Аталғандар:**

- бағдарламаның атауын халықаралық терминологияға сәйкестендіру ұсынылды;
- атауды және оқу мерзімін өзгертуге байланысты ықтимал тәуекелдер талқыланды;
- нормативтік талаптарды қосымша талдау қажеттілігі атап өтілді.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.
2. Ұсынылған өзгерістердің нормативтік аспектілеріне қосымша талдау жүргізілсін.
3. Негіздеме дайындалып, ұсыныстар Жоғары білім секциясының келесі отырысына ұсынылсын.

### **5.2 «Клиникалық фармакология» пәнін енгізу**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Ш. Калиева, «Терапия» ББ комитетінің өкілі, «Клиникалық фармакология» пәнін басқа білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына енгізу мәселесін таныстырды.

### **Аталғандар:**

- «Клиникалық фармакология» пәнін оқытудың қажеттілігі негізделді;
- пәнді медициналық білім беру бағдарламаларына енгізу мүмкіндігі ұсынылды.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Жоғары оқу орындарына «Клиникалық фармакология» пәнін оқу жоспарларына енгізу мәселесін қарастыру ұсынылсын.

**Төраға:**  
**Хатшы:**



**А.К. Досанова**  
**А.Р. Шақеева**